

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

**Chief Editor Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
**Editor-in-Chief Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzshhan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г. Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері..... 231

ТОҚСАМБАЕВА А.О. Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы  
ҚАДЫРОВ А.Қ. хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі..... 242  
ҚАБЫШЕВ Т.Б.

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА  
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық  
КАРТАЕВА А.М., негіздері..... 260  
ТАМАЕВ А.Т.

ASAVBAEVA G.B., Teaching languages in technical universities..... 272  
YEREZHNEPOVA S.K.  
ZHUMSAKBAYEV A.T.

FTAMP 17.01.11

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.10>\*А.А. ӘБСАДЫҚ<sup>1</sup> А.Т. ДОСОВА<sup>2</sup> 

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан,  
(e-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru)<sup>1</sup>, [almdosova@mail.ru](mailto:almdosova@mail.ru)<sup>2</sup>)

### «ҚЫРЫҚ МЫСАЛ»: ЖИНАҚТЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

**Аңдатпа.** А.Байтұрсынұлының орыс ақыны И. Крыловтан аударған «Қырық мысал» жинағы – ХХ ғасыр басындағы ағартушылық әдебиеттің шоқтығы биік туындыларының бірі, қазақ руханиятындағы орны бөлек рухани құбылыс. И. Крыловтың мысалдары қазақ даласына әскери бекіністер мен сауда қалаларында ашылған орыс-қазақ мектептерінің оқу үрдісіндегі пәндерді оқыту және саяси қуғын-сүргінге ұшырап Ресейдің орталық бөлігінен қазақ даласына жер аударылып келген демократ ақын-жазушылар мен оқымысты кісілері арқылы кеңінен тарайды. Ақынның мысалдары ХІХ ғасырдың ІІ жартысында ағартушылық идеяларды тұтынған Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы сынды ақын-жазушылардың шығармашылығына да арқау болады.

Аударма жинақ автор тарапынан баспаға 1903 жылы дайын болады, бірақ патшалық режим цензурасының кедергісіне ұшырап көп жылдар баспа бетінен жарияланбайды. «Қырық мысалдың» қолжазба нұсқасымен алғаш танысқан кісілердің бірі – Ә.Бөкейхан. Ол А.Байтұрсынұлының мысалдарын «ғажайып жырлар» (чудные стихи) деп танып, жинақтың баспа бетінен жариялануына көп еңбек сіңіреді. Ә. Бөкейханның тынымсыз ізденісінің арқасында «Қырық мысал» 1909 жылы Петерборда жарық көреді. Алаш көсемі аударма өлеңдерді сатиралық жанрдағы көркем шығармашылықтың биік көрінісі деп бағалайды.

Аударма жинақта ағартушы А.Байтұрсынұлы ақын ретінде ғана емес, ойшыл тұлға ретінде де көрінеді. Ақынның өлеңдерінде ұлт бірлігі мәселелері, әлеуметшілдік сарындар басым орын алады. Ақын қазақ арасындағы тұрмыстық, ментальдік, психологиялық көріністерді дәл бере білу арқылы өмірдің шынайы бейнесін нақтылай түседі. Ақын әрбір шығармасының соңына өзінің ойын, айтайын деген түйінді мәселелерді сәйкес қосып отырған. Ақынның басты ұстанған идеясы – қазақ халқын елдік мәселерге ұйыстыру, елдің қалпын, яғни мінезін түзеу еді. Бұл тұрғыда ол Абайдың өлеңдеріндегі қазақ тұрмысын, ментальдік ерекшеліктерін сынау көрінісін жаңа заман сарына лайық сарында жаңғыртады.

Жұмыстың танымдық тұжырымдарын, теориялық нәтижелерін «Әдебиет тарихы», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттаным» сынды курстарда

пайдалануға болады. Сонымен қатар, «Стилистика және тіл мәдениеті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Әдебиет теориясы» пәндері бойынша өтетін тәжірибелік сабақтарда көмекші материал ретінде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** Қырық мысал, көркем аударма, Ә.Бөкейхан, А.Алекторов, Омбы, бірлік.

**Кіріспе.** «Қырық мысал» – Ахмет Байтұрсынұлының 1909 жылы Петерборда баспа бетінен жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағы. Бұл – орыс ақыны Иван Крыловтың мысалдарын аударған еңбек. Орыс классикалық әдебиетінің көрнекті өкілі, даңқты аудармашы И.Крыловтың мысал өлеңдері Қазақ даласына ХІХ ғасырдың орта шенінен ауа ашыла бастаған орыс-қазақ мектептері мен жер аударылып келген демократ ақын-жазушылар арқылы тарала бастайды. Ақынның мысалдары 1861 жылдан бастап әскери бекіністерде ашылған орыс-қазақ бастауыш мектептерінің оқу бағдарламаларында орын алды. Миссионер ағартушы Н.Ильминскийдің жазуы бойынша, Орынбор мектебінің алғашқы түлектерінің бірі Н.Мұнсызбаев ұстаздық еткен Троицк орыс-қазақ мектебінің 1861-1869 жылдар аралығындағы оқу тізімдемесінде (ведомость) оқушылардың орыс тілі пәнін игеру барысында «учили легкие басни Крылова с переводом, упражнялись в разговорах по-русски» [1,157] деген ескертпе орын алғаны баяндалады. Демек, мектептегі ұстаздар орыс тіліндегі мысал өлеңдерді оқушы қазақ балаларына түсінікті болу үшін қолынан келген шама-шарқынша аударма жасауға ұмытылып отырған. Себебі оқушыларға орыс тілін үйретуде ұстаздар орыс халқының белгілі ақын-жазушыларының шығармаларымен танысып, оны жаттап алуға машықтандырған. Мұндай көріністі Ы.Алтынсаринның Ақтөбе екі сыныптық уездік мектебінің меңгерушісі А.Мазохинге 1883 жылы жазған хатынан көре аламыз. Ағартушы ұстаз жас маманға айтқан ұсыныстарында бірінші сыныпта оқушылардың тіл үйрену жұмыстарына мысалдар жинағын, оның ішінде И. Крыловтың мысалдарын жаттау («Сборника басен для твержения наизусть, преимущественно басни Крылова») қажеттігін ескертеді [1,189]. Ал Ор қаласында (кейін Орынборға көшірілген) ашылған Қазақ мұғалімдер мектебіне жазбаша және ауызша қабылдау сынақтары бойынша қойылатын талаптар бағдарламасына («Программа письменных и устных испытаний киргизских мальчиков на приемных в Киргизскую учит. школу экзаменах») орыс тілі пәні бойынша И.Крыловтың «Аққу, шортан һәм шаян», «Шымшық пен көгершін», «Қасқыр мен мысық», «Шортан мен мысық» мысалдарын міндетті түрде жатқа білу керек болса, қосымша ретінде ақынның «Қарға мен түлкі», «Емен түбіндегі шошқа», «Айна мен маймыл», «Маймыл», «Шаруа қасіреті» сынды мысал өлеңдерін де білу мәселелері белгіленген еді [2,55]

Орыс-қазақ мектептерінің оқу бағдарламаларына енген Крылов мысалдарын қазақ тіліндегі оқу құралдарына енгізу әрекеті 1879 жылы



Ы.Алтынсарин құрастырған «Қазақ хрестоматиясы» оқулығынан бастау алды. Онда ағартушы орыс ақынының «Қарға мен түлкі» мысалын қазақшаға тәржімалайды. Ал Әбіш, Мағауия сынды балаларын орыс мектептеріне оқуға берген Абай Құнанбайұлы да Крыловтан бірнеше мысалдар аударады. Торғай уездік орыс-қазақ мектебі, Орынбордағы орыс-қазақ Мұғалімдер мектебі бағдарламаларынан орыс ақынының мысалдарымен жақсы таныс болған А.Байтұрсынұлы сол ұстаз ағартушылардың ісін жалғастырып, оны жаңа мазмұндық сипатта жыр кестесіне арқау етеді.

А.Байтұрсынұлының Крыловтан аударған мысалдары Омбы қаласында Ақмола және Семей облыстары халық училищелерінің директоры А.Алекторовтың ісжүргізушісі (делопроизводитель) қызметінде жүрген кезеңінде (1902-1904 жылдар) баспа бетінде жариялауға даяр болады, бірақ патшалық Ресейдің бұратан халықтардың баспа ісіне қатаң бақылау жасаған цензураның кедергісінен көп жылдарға кешігіп, 1909 жылы Петерборда алғаш тер жарияланады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеуге әдебиеттану ғылымындағы жалпытеориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, салыстымалы-тарихи, сипаттама, ғұмырнамалық баян, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеліп отырған тақырыпқа А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырнамасына қатысты бұрын-соңды белгісіз болып келген Ресейлік архивтік мұрағат материалдары пайдаланылды.

**Талқылау мен бақылау.** А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» өлеңдер жинағы ақынның замандастары тарапынан да, қазақ әдебиетін зерттеушілер тарапынан да лайықты баға ие болды. Жинақтың қолжазбалық нұсқасымен 1903 жылы алғаш таныс болған Ә.Бөкейхан аудармаға «ғажайып өлеңдер» /КӨМ. Қ. 7928. Тіз. 116. Іс. 1315. П. 116./ деп баға берсе, кеңестік биліктің алғашқы жылдарында М.Дулатұлы, М.Әуезов, С. Сейфуллиндер, оны қазақтың елшілік, әлеуметшілдік ойына ерекше үлес қосқан туынды деп бағалады [3].

Кеңес кезіндегі таптық идеология тартысы тұсында А.Байтұрсынұлының шығармашылығы мен қайраткерлігі буржуазиялық сарындағы туындылар деп танылып, сынға ұшырайды [4,76]. Кеңестік идеология атақты ағартушының есімін атауға, шығармаларын зерттеуге тыйым салынады. 1988 жылы Қайта құру кезеңінде толық ақталған А.Байтұрсынұлының ғұмырнамасы мен шығармашылық мұрасын зерттеу қайтадан жанданып, оның шығармалар жинағы жарияланады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары әдебиетші ғалымдар Р.Нұрғалиев (1991) [5], Т. Жұртбай (2008) [6] және Р. Имаханбеттердің (2010) [7] жарық көріп, А.Байтұрсынұлының биографиялық ғұмырнамасы мен шығармашылығы туралы іргелі зерттеулер жүргізді.

**Нәтижелер.** А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» аударма өлеңдер жинағының баспа бетінен жариялауға дайын болған уақыты ағартушының Омбы қаласындағы кезеңіне (1902-1904 жылдар) тұспа-тұс келеді. 1902 жылы ол

Қостанай уезі Меңдіғара болысындағы Орынбаев ауылдық мектебі мен Қостанай қаласындағы педагогикалық сыныптағы ұстаздық қызметін доғарып, Омбыға қоныс аударады. Қоныс аударуға себеп болған оқиға - Қостанайда Торғай облысы халық училищелерінің инспекторы Александр Ефимович Алекторовтың Халық ағарту министрлігінің шешімімен Ақмола және Семей облыстары халық училищелерінің директоры қызметіне ауысуы еді /ТОМА. Қ.126. Тіз.2. Іс. 1588. 219 п.с.ж./ [8]. Ол А.Байтұрсынұлына директордың ісжүргізуші қызметін ұсынады. Сол жылдың 1 мамырынан бастап Торғай облысындағы 6 жылдық мұғалімдер қызметін өтеген А.Байтұрсынұлы [9,20] Алекторовпен бірге Омбы қаласына қоныс аударып, директордың ісжүргізуші лауазымындағы мемлекеттік қызметке кіріседі /РМТА. Қ.1291. Тіз.84. Іс.89. П. 1/ [10].

Омбы А.Байтұрсынұлының ағартушылық ғұмырнамасындағы елеулі кезеңдердің бірі болады. Мұнда ол Омбы Орман шаруашылығының көмекшісі әрі Омбы орман мектебінің оқытушысы қызметін атқарып жүрген губернский секретарь /РМТА. Қ.387. Тіз.24. Іс.1307. П. 1-9/ [10] Әлихан Бөкейханмен кеңірек танысып [11.897], достық қарым-қатынас орнатады және оның баспа бетінен жариялауға дайындап жүрген Абай өлеңдерінің қолжазба нұсқасымен («дәптерімен») алғаш рет танысады [12].

Білім беру саласындағы әкімшілік қызметті атқара жүріп А. Байтұрсынұлы орыс-қазақ мектептері бағдарламасында оқытылатын И. Крыловтың мысал өлеңдерінен 41 мысал аударып шығады. Аударманы баспа бетінен жариялауға оның қызметтегі басшысы А. Алекторов көмектеспек болады. Бірақ оның Омбыда шығатын «Сельскохозяйственный листок» газетінің бетінде жарияламақ болған әрекеті Дала генерал-губернаторы Сухотинның қолдау таппай, жоспар жүзеге аспай қалады. Бұл ақпаратты біздер Ә.Бөкейханның 1904 жылдың мамыр айында Н.Г.Потанинге хат жазып, одан «талантты жас қазақтың ғажайып өлеңдерін» цензура кедергісінен өткізіп беруге көмек сұрайды: «Многоуважаемый Григорий Николаевич! Один мой знакомый киргиз перевёл на киргизский язык чудными стихами 41 басню, преимущественно И.А Крылова. Автор перевода по общественному положению незначительный человек - только делопроизводитель директора народных училищ Акмолинской области. Намереваясь напечатать частями переводы в «Сельскохозяйственном Листке», издаваемом канцеляриею Степного. Генерал.-губернатора, автор Ахмет Байтурсунов обратился к своему начальству – директору г. Алекторову. Он, продержав рукопись ½ года, вернул её автору и сказал ему, что г. Сухотин не разрешил печатать в «Сельскохозяйственном листке». Мы, я и Ахмет Байтурсунов, решили печатать его перевод отдельною брошюрою, но не знаем, как получит разрешение специального цензора книг, выходящих на татарско-тюркском языках. Не укажете ли способы, как и куда нужно обратиться? Не взяли ли вы сами на себя,

через петербургских знакомых, представления в цензуру перевода А. Байтурсунова? Он талантливый молодой киргиз, к сожалению, не получивший даже среднего школьного образования и вынужденный ныне посвящать всё время на добывание средств к жизни. При других условиях из него вышел бы полезный и заметный общественный деятель. Ахмет Б[айтурсунов] недурно рисует, что среди киргиз большая редкость, пытался поступить в какую-то в Казани художественную школу, но за неимением средств, вынужден был расстаться с мечтою» /КӨМ. Қ. 7928. Тіз. 116. Іс. 1315. П. 116/ [3].

Ә.Бөкейхановтың Г.Потанинге жазған Ә.Бөкейханның хатындағы мазмұн – А.Байтұрсынұлының шығармашылық жолында 1903-1904 жылдары орын алған оқиғалардың көрінісі. Бүгінгі қазақ руханияты тұрғысынан қарағанда, аталмыш тарихи хаттың мынадай маңызы бар. Біріншіден, Абайдың шығармашылығымен жақсы таныс, еуропалық оқу-біліммен шыңдалған сыншылдық көзқарасы терең Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлының аудармаларын «ғажайып өлеңдер» («чудные стихи») деп бағалайды және оны «жас талантты ақын», «қазақ арасында сирек кездесетін тым жақсы суретші» деп қадірлейді. Екіншіден, егер жас ақынның отбасылық материалдық жағдайы жоғары болғанда, одан белгілі әрі пайдалы қоғам қайраткері шығар еді деген пікір білдіреді. Үшіншіден, хат мазмұнынан біздер А.Байтұрсынұлының И.Крыловтан аударған өлеңдерінің алғашқы атауы «Қырық бір мысал» болғандығын байқаймыз.

1904 жылы ақын И.Крыловтың 41 өлеңін аударып шыққан болса, бұдан әрі ол оны толықтырып, өлеңдер санын арттырып отырған. Айталық, 1905 жылы аударма өлеңдер саны 46 мысалға жетеді. Бұл мағлұматты Ә.Бөкейханның 1905 жылдың қараша айында Мәскеуге жергілікті тұрғындар және қала өкілдерінің қайраткерлері жиналған жиында сөйлеген сөзінен оқи аламыз. Онда ол патшалық биліктің қазақша білім беру және цензура саласындағы саясатын сынай келе: «У нас преследуется школа с киргизским (казахским – авт.) языком, нас также давит цензура. Вот уже 13 месяцев, например, не могу добиться от цензуры разрешения на издание киргизского перевода 46 басен И. А. Крылова» [13,97].

1903-1905 жылдар аралығында А.Байтұрсынұлы тарапынан аударылған 46 мысал өлең Ә.Бөкейханның тынымсыз ізденуі арқасында 1909 жылы Петерборда саны алты аудармаға қысқарып, «Қырық мысал» деген атаумен жарық көреді. Алаш қозғалысының саяси көсемінің көңіліне «Қырық мысал» өлеңдер жинағы ерекше әсер етті. Оның себебі, біздіңше, мынада: А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалында» Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі қазақ ұлтының бірлігіне, мінез-құлқына қатысты сыншылдық ойлары, сатиралық сарындағы мазмұны жаңа сапада жалғасын тапты. Бұл орайда Абайдың шығармашылығына алғаш баға беріп, ақынның туындыларын баспа бетінен жариялауды жоспарлап жүрген Ә.Бөкейханға «Қырық

мысалдың» терең, тартымды, көркемдік әлемі қатты әсер еткені сөзсіз.

Қазақ фольклоры мен әдебиеттанудың білгірі Ә.Бөкейханға «Қырық мысал» ерекше әсер еткенін оның 1932-33 жылдары Архангельскіде айдауда жүрген А.Байтұрсынұлына араша түсу мақсатында Қызыл крест мекемесіне қарасты «Саяси қудалау-қуғынға ұшырағандарға көмек» ұйымының жетекшісі Е.П.Пешковаға жазған хатының мазмұнынан анық байқаймыз. Онда ол «Қырық мысалды» сатиралық өлеңдер дей келе, оны мысқылдық дәлдігі, өлең кестесі, қысқа мәнері тұрғысын көркемдігі жоғары аударма деп бағалайды: «...он популизировал эту азбуку, напечатав в ней сатирические свои стихи и перевод 40 басен Крылова. При этом он с последним поступил как же, как дедушка Крылов с Эзопом. Эзопокрыловские басни сделал казахскими. По меткости сатиры, красоте стиха, по краткости изложения темы – переводы Байтурсунова – представляют высокохудожественное творение свыше отмеченного таланта. Крылова в степи знал всякий казах» /РФМА. Қ.Р-8409. Тіз.1. Іс.994. П.46-47 п.с.ж./ [14].

Орайы келгенде айта кетуіміз керек, Ә.Бөкейхан «Қазақ» газетінде жарияланған публицистикалық мақалаларына А.Байтұрсынұлының аудармаларынан мысал келтіріп отырады. Мысалы, 1913 жылы жалпы қазақ сиезін ұйымдастыру мәселесіне арнаған «Жиһанша Әлмұхамедұлы Сейдалинге» деп аталатын мақаласында ол жинақтың «Сары шымшық», «Қасқыр мен қозы» атты мысалдарынан үзінділер келтіреді [12].

Ә.Бөкейханды тәнті еткен «Қырық мысал» қазақ әдебиетіне Абай Құнанбайұлы тыңнан салған сыншылдық сарынды, сатиралық мысқыл ойларды жалғастырған еді. Жинаққа алғы сөзі ретінде жазылған «Замандастарыма» атты арнау өлең жолдары хакім Абайдың атақты «Ғақлияларындағы» бірінші сөзіндегі сарынға жақын. Абай оқырманына: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [15,316], - десе, А.Байтұрсынұлы үш шумақтан тұратын алғы сөзін:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат - азға деген, жоққа - сабыр,  
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым [16,22].

Мұнда Абайдың «Ғақлия» жазуда алдына қойған шығармашылық мақсатының жай-күйіне жақын, ұқсас сарын анық байқалады. Ақын өлең орыс тілінен аударылған шағын шығармашылық екенін (Орыстың тәржіме еттім мысалдарын // Әзірге қолдан келген осы барым), сол себепті «Қанағат азға деген, жоққа сабыр // Қомсынып қоңырайма, құрбыларым» дей келе, Абай жазып отырғандай, өз қажетіне қарай пайдалан деген ойды жыр жолына кестелейді.

Ал кейінгі шумақтар күнкөріс мақсатында аз-мұз ақшаға (ісжүргізуші мемлекеттік қызметтегі ең төменгі сатылардың бірі болды- авт.) жалданып, қызмет жасап жүрген ақынның өз басындағы жай-күй көрініс тапқан. Мұны ол:

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,  
Күн қайда үздік шығар топты жарып.  
Ат тұрмас аяғында желі болса,  
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып - дейді [16,22].

Автор тұрмыс-тіршілікте материалдық жағынан тарығып жүрген (Ә.Бөкейханның: «Он талантливый молодой киргиз, к сожалению, не получивший даже среднего школьного образования и вынужденный ныне посвящать всё время на добывание средств к жизни» деген сөзін еске түсірейік) өз жай-күйін «бабы жоқ», «қамыт басып, қажып-талып» жүрген арық атқа («Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық») теңейді.

Жұртқа сөзі өтпеген ақынның шарасыздықтан өзін «арық» жанға (билігі мен пәрмені жоқ кісіге) теңеу Абайдың өлеңдерінде (Мен — қажыған арықпын// Қатын-бала қонағы) кездеседі.

Дегенмен, А.Байтұрсынұлы мысал өлеңдер жұртқа ой салар деп үміттенеді:

Бар болса сондай жүйрік, қызар деймін,  
Естілсе құлағына дүбір барып.  
Әйтпесе, арық шауып өндіре ме,  
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып [16,22].

Мұнда қалың бұқара арасынан «аяғында желі бар» жүйріктер («Ат тұрмас аяғында желі болса//Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып») өлеңмен кестеленіп отырған «қиқу, дүбірге» («Бар болса сондай жүйрік, қызар деймін // Естілсе құлағына дүбір барып») шын жүйріктер қосылар деген үміт артады. Бұл жерде ол «Жалғыздың үні шықпас, жаядың шаңы шықпас» деген нақылды өлеңмен өрнектеп, жұрттың мысал өлеңде айтылған мәселелерге назар аударуын қалайды.

А.Байтұрсынұлының А.Крыловтан аударған мысал өлеңдеріндегі сатиралық сарынның бірі – қазақ жұртының ұлт ісіндегі алауыздықты сынау еді. Мысал жинақтың бірлігі жоқтан берекесіз іс туындайтын көріністі мысқылдайтын «Аққу, шортан һәм шаяннан» басталуы да тегін емес. Қазақ жұртының ұлт болып ұйысу жолында бірлік мәселесі ықылым заманнан бері өткір тұрды. Халықтың фольклорлық туындыларындағы бірлік пен ынтымақтастық туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тәмсілдер, батырлық және тарихи жырлардағы мол мысалдар – аталмыш әлеуметтік мәселеге өте үлкен сұраныс болғандығының айқын көрінісі.

Ақынның аталмыш мысал өлеңде И.Крыловтың түпнұсқасындағы бірлік мәселесі негізгі ой арқауы ретінде сақталған, бірақ бұған қазақ ақыны өз жанынан бір шумақ өлең жолына сығымдалған мынадай әлеуметшіл ойды

қосады:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [16,23].

Ақынның өз жанынан қосқан шумақ ұлт бірлігі мәселесіне тікелей бағытталған және онда хәкім Абайдың «Біріңді – қазақ, бірің – дос // Көрмесен істің бәрі - бос» деп келетін нақыл өлеңінің сазы сезіледі.

Ақынның «жігіттер» деп бастауы мысалдың ел азаматтарына арнап аударылғанын байқатады. Алаш көсемдері «жігіт» сөзінің ұғымына ел бастаған зиялы қауым өкілдерін сыйғызған. «Жігіттер» сөзін ел бастаған азаматтар ұғымында Ә.Бөкейхан да қолданады: «Жұрт жұмысын халық бәрі қыла ма? Қай жұртта болса халықты бастап алып жарыққа тартып шығарып жүрген саны аз, біімі мол жұрт жігіті емес пе? Бұлай болғанда қазақ жұртының шырақ алып, түзу жолға бастаған жігіттері қайда?» [17,55].

Қазақ азаматтарын ұлт ісіне біріктіру – Алаш көсемдерінің көңілін мазалаған мазаң істердің бірі еді. Мысалдағы «Тартса да бар күштерін аямай-ақ// Асылы жүк орнынан қозғалмады» дегендегі «қозғалмай тұрған жүк» ол – ұлт ісі. «Қозғалмай тұрған жүкке», яғни ұлт ісіне кейін олар «Қазақ» газетінде: «Ұлт ісі деген – ұлы жұмыс. Ұлт ісін ұлт болып өзі істемесе, өзі жөндемесе істелмейді де, жөнделмейді де, әр жұрт өз ісін өзі істеп, өзі жөндеп апара алса, жұрт болмақ. Жұрт ісінен кімге де болса жұмыс табылады» [17,379].

...Көп ісіне көп болып жабылайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылғандай. Көп жұмыстың ішінде ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлі келетін жұмыс алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. ...Ұлт үшін деген істің ұлағуына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. ...Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік» [17,11],- деп бірлікпен іс – тірлік атқаруға үндейді. Сонымен қатар бұл жолдар Ә.Бөкейханның қазақ бірлік ісіне қатысты айтқан сыни ойларымен де үндеседі: «Пален хан-ай! Пәлен би-ай!» деп отырып өкінесіңдер! Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күнгі атқа міндім деп жүрген өздеріңдей еді. Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік-береке болса, бұл күнде қазақ бұл күйде болар ма еді? Жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе, қазақта бірліктің жоқтығы. Бірлік жоқтан қазақтың һәр қайсысын һәр жерде дұшманы ойбайлатқан. Бұрынғы хан болсын, билер болсын, әділдіктен жырақ болған, дәл осы күнгі атқа мінген өздеріңдей...» [17,122].

Ақынның бірсыпыра аудармаларында дәстүрлі мысал жанрына тән адам бойындағы күншілдік, мақтаншақ-маңғаздық, надандық, аңқаулық, қулық, зорлық, тәкаппарлық сынды мінездерді сынауға құрылады. Айталық, «Өгіз бен бақа» мысалында күншіл әрі мақтан құмар бақа өгіздей боламын деп «жел

тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керіп» күпінеді. Ақырында күншілдік оны ажалға жығады:

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа,  
Зорланды қарнын керіп енді Бақа.  
Шыдамай жұқа қарын керуіне,  
Жарылып сол арада өлді Бақа [16,27].

Автор мысалдың соңын халық даналығындағы «Әлін білмеген әлек» деген мәтелді арқау еткен шумақпен қорытындылайды.

Крыловтың бұл мысалын хәкім Абай да аударған еді.  
Ыңқыл қағып, тыпырлап,  
Күшенді де, бөртінді.  
Іш жарылды сытырлап.  
Мақтанам деп өзі өлді [15,231].

Абай кісі - бойындағы мақтаншақтықты қатты сынаған ақын. Оның атақты «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінде мақтаншақтық мінез – адам баласына «бес дұшпан» нәрсенің бірі. Сонымен қатар ол «Жиырма бірінші сөзінде» мақтаншақтық мінезді сын тезіне алады.

Хәкім Абайдың аяусыз сынаған кісі мінездерінің бірі – надандық.  
Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.  
Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көнбеді ешкім сөзіме,

Әдетіне қарысып [15,128], - дейді ол надандықты сынаған өлеңінде. Ақынның танымында надандық білім-ғылымның кемдігінен туындайтын мінез-құлық. Надандық – хайуан ісі. Мұны ақынның «Отыз сегізінші қара сөзіндегі» мына жолдардан аңғаруға болады: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік – хайуандық болады».

А. Байтұрсынұлының аудармасында надандықты сынаған «Бұлбұл мен есек», «Кісі мен аю», «Есек пен үкі» атты мысал өлеңдер орын алған. «Бұлбұл мен есек» мысалында бұлбұлдың әншілік талантынын бағамдай алмай, одан әтештің қиқуын жоғары қойған есектің надандығын сынға ала отырып автор оқырманна мынадай ой-түйін ұсынады:

Есекте қалпы кейбір адамдардың,  
Көзі тар, көңілі соқыр адамдардың.  
Асылды жасықпенен танымайтын  
Сынынан сақта, Алла, надандардың [16,32].

Дәл осындай сарын «Кісі мен аю» деген мысалда орын алады. Онда аюмен дос болған кісінің надандықтың салдарынан ажал кешкені баяндалады. Надан аю досына қонған шыбынды өлтіремін деп ұйықтап жатқан кісіні ауыр таспен ұрып ажал кешкізеді:

Жігіттер, сақтаныңыз надан достан,  
Досыңнан надан болса, артық дұшпан.  
Белгілі жаудан кісі күтінеді,  
Тиеді достың оғы қапылыстан [16,47].

Надан жұртты надан басшы билеп, қауіп-қасіретті молайтып жүр. Мұндай ой «Есек пен үкі» мысалының нақылдық мағынадағы қорытынды шумағында айтылады:

Халыққа надан адам басшы болып,  
Халықтың надандығын молайтып жүр.  
Наданға надандықпен жұрт ерген соң,  
Тал түсте лақты деп соны айтып жүр [16,58].

Автордың пайымынша, надандықты жоятын күш – ғылым, білім. «Ғылымсыз надан адам соқырға есеп» деп күндіз көрмейтін үкінің жол сілтеуіне ілескен ақымақ есектің надандығынан Алаш жұртына аулақ болуды нақыл етеді.

Жазған сөз жаным ашып Алашыма:  
Алаштың адасқан аз баласына.  
Қаннан қан еткен інім, бауыр жұртым!  
Қараған «Қара таудың» қаласына.  
Іші лас, сырты таза залымдардың  
Алданып құр сыртының тазасына.  
Мәз болып байғазы алған балаларша  
Сатылып жылтыраған танасына.  
Әбілдің зиаратын аттап өтіп,  
Қабылдың бата қылма, моласына.  
Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,  
Тығылып дажалдың итханасына.  
Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,  
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына.  
Ұмытып Құдайды да, Құранды да,  
Бас ұрма Лат, Манат ағашына

Қай бір қоғамда болмасын өзекті мәселенің бірі – әділдік, теңдік. Әділділік - әлемдегі іргелі діндер философиясына, әлеуметтік қатынастарды реттейтін заңдық негіздер танымына арқау болған қағидат. Әріге бармай-ақ, берідегі Абай ақын шығармаларындағы : «Адамшылықтың алды - махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол - жаратқан Тәңірінің ісі» немесе «Әділет, шапқат кімде бар //Сол жарасар



туғанға» деп келетін философиялық тұжырымдар аталмыш қағидаттың адамзат қоғамында зор маңызы барын білдіреді.

А.Байтұрсынұлы И.Крыловтан сұрыптап аударған мысалының бірі аталмыш мәселеге қатысты. Мысал өлең «Қасқыр мен қозы» деп аталады. Онда азулы күш иесі қасқырдың әлсіз, қорғансыз қозыға істеген зорлығын баяндайды. Әлем әдебиетінің образдар әлемінде қасқыр – зорлықтың, азулының, қой – момын, әлсіздің кейіпі ретінде кең тараған. Мал шарушылығымен айналысқан қазақтың тұрмыс-тіршілігінде қой түлігінің қадір-қасиеті, сондай-ақ оның қас жауы қасқырдың іс-әрекеттері туралы бейнелі сөздер көп сақталған. И.Крыловтан сұрыпталған аудармаға қасқыр мен қозының алынуы – қазақтың танымына жақын көріністер арқылы образ жасаудың бір жолы екені анық. Ақын «қазақ тұрмысына жақын идеялар, замана тынысын танытатын жаңа ойлар» (Нұрғалиев, 1991: 7) [5,7] арқылы аударманың көркемдігін артыра түскен.

Мысалдың соңы адамзат қоғамында орын алатын әлеуметтік теңсіздікті, бай-қуатты кісілердің әділетсіздігін сынайтын шумақпен аяқтайды:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі?! [16,36].

Әлем әдебиетінде, сол сияқты шығыс әдебиетінде атақты кісілердің әдеби образында көп сыналған мінездің бірі - тәкаппарлық. Шығыстың ұлы шайырлары арасында тәкаппарлықты сынамаған ақын кемде-кем. Хәкім Абайдың да «Ескендір» поэмасы да аталмыш мәселеге көңіл аударған белгілі. А.Байтұрсынұлының сұрыпталып алынған аудармаларының бірінде әлем әдебиетіне арқау болған тақырыпқа бағытталған мысал өлең бар. Оның атауы – «Егіннің бастары». Мысал өлең басына дән байлап піскен бидай егін алқабын егіндікті жас баласымен аралаған кісінің бала тарапынан қойылған:

Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,  
Қарайды шікірейіп өзге көпке.  
Өзіне өзгелерді тегермейтін  
Соншама бұл Бидайдың дәні көп пе?, - деген сауалға, әкесі былайша

жауап қатады:

Бидайлар басы толық иіліп тұр,  
Дән берген қожасына сыйынып тұр.  
Басында бұл Бидайдың дәні болмай,  
Кекірейіп, көкке қарап бүлініп тұр.  
Елде көп бұл Бидай адам, - дейді,  
Тәкаппар, - оны халық,- жаман, - дейді.-  
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның  
Тұтынба бұл мінезді балам,- дейді [16,27].

Мысал өлеңнің нақылдық мазмұндағы соңғы шумағынан тәкаппарлықты терістеген мұсылмандық діни таным мен аталмыш мінезді сын найзасына алған Абай шығармашылығының өрнек ізін байқауға болады. 1903 жылдан бастап ақынның қолжазбасымен Ә.Бөкейхан арқылы танысқан А. Байтұрсынұлы оның «сөзі аз, мағынасы көп, терең» [16,217] шығармашылығынан үлгі алғандығы байқалады. Кейбір тұста ол хәкім Абайдың өлең жолдарынан сөз саптау алып, айталық, «Алды жөн адасқанның» деп келетін өлең жол «Адасқанның алды – жол, арты – соқпақ // Оларға жол – арамның сөзін ұқпақ» деген сөз тіркесін өз шамасына түрлендіреді. Сонымен қатар ол өлең сөзді жұрт мінезін түзеуге пайдасы бар, өзін-өзі көретін айна-құрал ретінде таниды:

Мысалы, адам – маймыл, өлең – айна,

Өлеңді түсінгенге бар көп пайда.

Айтылған өлеңіндегі мінін көріп,

Түзейтін мінез-құлқын адам қайда?, - деген өлең жолдары Хәкім Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» немесе «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп келетін таным-талғамынмен үндес екендігі сөзсіз.

А. Байтұрсынұлының аудармаларындағы мысал өлеңдерде аңдардың кейіпі мен іс әрекетін сөз ете отырып адам бойындағы жағымсыз істерді сынау, жақсыны үлгі ету сынды мысал жанрына тән дәстүрлі тұспалдаумен қатар, автордың өзі өмір сүрген заманның сазына сай мазмұндар, әлеуметшілдік аңсар, ұлттық мінезді сынау және одан арылуды ишара ету көріністері орын алған. Мысалы, Крыловтың өлеңдерін алғаш аударған Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбайұлының «Қарға мен түлкі» мысал өлеңінде мақтаншақ қарғаның аңқаулығы мен түлкінің қулығы мінез көрінісі ретінде суреттелсе, А.Байтұрсынұлының аудармасында ол жеке адам бойындағы жарамсыз мінез қалпынан шығып, ұлт мінездегі бейғамдық, аңқаулық көріністерді сынау арнасына ауысады:

Қарасақ, көп адамдар Түлкі болып жүр,

Залымдық, өтірікпен мүлкі болып жүр.

Солардың сұмдығына түсінбеген

Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі болып жүр.

Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,

Далада, кең сахарада көшіп-қонып.

Алдаған залымдардың тіліне еріп,

Жүрмесек болар еді мазақ болып [16,35].

Мысалдың соңғы екі шумағына арқау болған автордың түйіні аңқау, аңғал қазақтың («Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып») өзге жұртқа «Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі болып жүрген» кейпін сынау, «залымдық пен өтірікті мүлік» етіп жүргендерден сақтануды ескертеді. «Залымдық пен өтірікті мүлік (зат, құрал-авт.)» етіп жүргендердің қатарында орысша оқып, тілмаш немесе кеңсе қызметкері болып орысша тіл білмеген қаңдастарын алдап-сулап

жүргендер де бар еді.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, А. Байтұрсынұлы XIX ғасырдың орта шенінде пайда бола бастаған орыс-қазақ мектептерінде оқытыла бастаған И.Крыловтың мысал өлеңдерін Омбы қаласында В Ақмола және Семей облыстарының халық училищесі директоры А.Алекторовтың ісжүргізушісі болып қызмет атқарып жүрген жылдары баспа бетіне дайындайды. Бұл бір жағынан, орыс-қазақ мектептерінде жүргізілетін қазақ тілі пәніне көмекші хрестоматиялық оқу құралы ретінде пайдалану мақсатынан туындаса, екіншіден, мысал өлеңдер арқылы елдің мінез-құлқын түзейтін, өнер-білімді насихаттайтын ағартушылық мазмұнға пайдалану қарекетінен туындайды. Ә.Бөкейханның сөзімен айтқанда, «Эзоп-крыловтық мысалдарды қазақтың төл туындыларындай еткен» А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» арқылы И.Крылов «бүкіл қазақ даласы танылады» /РФМА. Қ.Р-8409. Тіз.1. Іс.994. П.46-47 п.с.ж./ [13].

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағындағы аудармалары жеке адамдар бойындағы мінез-құлықты сынау, мысқылдау емес, ұлттың бойындағы кемшіліктерді сын тезіне салу, ұлттық бірлікке үгіттеу еді.

### Әдебиеттер

1. Ильминский, Н. И. Воспоминания об И.А. Алтынсарине : [Письма и бумаги И.А. Алтынсарина]. /Н. Ильминский. - Казань : Типо-литография В.М. Ключникова, 1891. - 396 с.
2. Васильев, А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-литография Н.Н.Жаринова, 1896.
3. КӨМ - Красноярск өлкетанушылық музейі
4. Брайнин, Шафиро, Очерки по истории Алаш-Орды. Казахстанское краевое издательство, Алма-Ата-Москва, 1937.
5. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.- Алматы: Жалын, 1991.-464 б.
6. Жұртбай, 2008 - Жұртбай Т. «Ұраным - Алаш!...». Т. 1. Зерттеулер: Түрме хикаяты.-Алматы: Ел-шежире, 2008.- 472 б.
7. Имаханбет, 2010 - Имаханбет Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. - Астана: «Педагогика-ПРЕСС», 2010.-304 бет.
8. ТОМА – Томбы облыстық мемлекеттік архиві
9. Әбсадық А, Қабылдинов З, Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (132) / 2020  
<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-18-27>

10. РМТА – Ресей мемлекеттік тарихи архиві (Санкт-Петербург қ.)
11. Absadyk et al., 2022 – Absadyk A.A., Issenov O.I., Mukhitov K., Boranbaeva B.S. The Path of the Teacher A. Baitursynov: from Bestamak to Karkaralinsk (1895–1910). *Bylye Gody*. 2022. 17(2): 890-901. DOI: 10.13187/bg.2022.2.890
12. Қазақ газеті, 1913 - «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. 1913 жыл. 2-ші басылым / Құраст. С. Смағұлова, Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: Арыс баспасы, 2018 ж. – 480 б.
13. Козодой В.И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. Алматы, 2021. 312 с.
14. РФМА – Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (Мәскеу қ.)
15. Абай (Ибраһим) Құнанбаев, Шығармалар жинағы. Алматы, Қазақтың б.біріккен мемлекеттік баспасы, 1948. – 503 б.
16. Байтұрсынов, 1991 - Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
17. Қазақ газеті, 1998 – «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 560 б.

#### **А.А. АБСАДЫК, А.Т. ДОСОВА**

Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынов

#### **«СОРОК БАСЕН»: ИСТОРИЯ ИЗДАНИЯ СБОРНИКА И ЕГО СОЗВУЧИЕ С ТВОРЧЕСТВОМ АБАЯ**

**Аннотация.** Сборник А. Байтұрсынова «Сорок басен», в котором переведены произведения известного русского баснописца И.А. Крылова, является одним из самых ярких произведений просветительской литературы начала XX века, отдельным духовным явлением в казахской культуре. Басни Крылова были популярны в казахской степи и распространялись через русско-казахские школы, открытые в военных крепостях и торговых городах, также басни часто можно было встретить в трудах поэтов-демократов и ученых, депортированных в казахские степи из Центральной России, подвергшихся политическим репрессиям. Басни Крылова встречаются в творчестве таких поэтов-писателей, как И. Алтынсарин, Абай Құнанбаев, которые во второй половине XIX века использовали их для идеи просвещения.

Один из первых, кто познакомился с рукописной версией «Сорока басен», был А. Бокейхан. Он восхищался баснями А. Байтұрсынова и упорно трудился над публикацией сборника. Благодаря неустанному труду А. Бокейхана, «Сорок басен» были опубликованы в Петербурге в 1909 году. Лидер движения Алаш высоко ценил переводческие стихи как выражение

художественного творчества в сатирическом жанре.

В сборнике «Сорок басен» А. Байтурсынов предстает не только как поэт, но и как мыслитель. Поэт конкретизирует реальную картину жизни, точно передавая бытовые, ментальные, психологические представления казахов. В конце каждого произведения поэт добавлял свои мысли, находил ключевые моменты. Основная идея поэта заключалась в том, чтобы объединить казахский народ, исправить политическое положение и экономическое состояние страны. В этом контексте он воспроизводит картину критики казахского быта, ментальных особенностей в стихах Абая в духе нового времени.

Теоретический результат работы может быть использован в таких курсах, как «История литературы», «Этнолингвистика», «Лингвокультурология». Может использоваться в качестве вспомогательного материала на практических занятиях по стилистике и языковой культуре, лингвистическому анализу художественного текста, теории литературы, литературоведению.

**Ключевые слова:** сорок басен, художественный перевод, А. Бокейхан, А. Алекторов, Омск, единство.

**A.A.ABSADYK, A.T. DOSOVA**

Kostanay Regional University named after A.Baitursynov

#### **«FORTY FABLES»: THE HISTORY OF THE PUBLICATION OF THE COLLECTION AND ITS CONSONANCE WITH THE WORK OF ABAI**

**Annotation.** Collection of A. Baitursynov "Forty fables", in which the fables of the Russian poet I. Krylova, is one of the most striking works of educational literature of the early twentieth century, a separate spiritual phenomenon in Kazakh spirituality. I. Krylov's fables are widely spread in the Kazakh steppe due to the teaching of subjects of the educational process of Russian-Kazakh schools opened in military fortresses and trading cities, as well as the educational activities of democratic poets and scientists deported to the Kazakh steppes from Central Russia, who were subjected to political repression. The poet's fables are the basis of the work of such poets-writers as Ybyrai Altynsarin, Abai Kunanbayev, who in the 2nd half of the XIX century spread the ideas of Enlightenment.

The author prepared his translation of the collection for publication in 1903, but did not publish it in print for many years due to censorship. One of the first who got acquainted with the handwritten version of the collection "Forty Fables" – A. Bokeikhan. He admired A. Baitursynov's fables as "wonderful poems" and worked hard to publish the collection in print. Thanks to the tireless search of A. Bokeikhan's publishing house, the collection "Forty Fables" was published in St. Petersburg in 1909. The leader of Alash evaluates translated poems as a sublime expression of artistic creativity in the satirical genre.

In the collection, the educator A. Baitursynov appears not only as a poet, but also as a thinker. The poems are dominated by the problem of the unity of the nation, socialism. The poet concretizes the real picture of life, accurately conveying everyday, mental, psychological manifestations among Kazakhs. At the end of each work, the poet added his thoughts, key points.

**Keywords:** forty examples, literary translation, A. Bokeikhan, A. Alektorov, Omsk, unity.

#### References

1. İlminski, N. İ. Vospominania ob İ.A. Altynsarine : [Pisma i bumagi İ.A. Altynsarina]. /N. İlminski. - Kazän : Tipo-litografia V.M. Klüchnikova, 1891. - 396 s.
2. Vasilev, A.V. İstoricheski ocherk ruskogo obrazovania v Turgaiskoi oblasti i sovremennoe ego sostoianie. İzдание Turgaiskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta. Orenburg, Tipo-litografia N.N.Jarinova, 1896.
3. KÖM - Krosnoiark ölketanuşylyq muzei
4. Brainin, Şafiro, Ocherki po istorii Alaş-Ordy. Kazahstanskoe kraevoe izdatelstvo, Alma-Ata-Moskva, 1937.
5. Nūrğaliev R. Alyp bäterek // Baitürsynov A. Aq jol: Öleñder men tärjumeler, publ. Maqalalar jäne ädebi zertteu / Qūrast. R.Nūrğaliev.-Almaty: Jalyn, 1991.-464 b.
6. Jūrtbai, 2008 - Jūrtbai T. «Ūranym - Alaş!...»". T. 1. Zertteuler: Türme hikaiaty.-Almaty: El-şejire, 2008.- 472 b.
7. İmahanbet, 2010 - İmahanbet R. Ğasyr sañlağy: Ahmet Baitürsynūlynyñ syğarmaşylyq ğūmyrbaiany (mūrağat derekteri negızinde). Monografia. - Astana: «Pedagogika-PRES», 2010.-304 bet.
8. TOMA – Tomby oblystyq memlekettik arhivi
9. Äbsadyq, Qabyldinov, 2019 - Äbsadyq A.A., Qabyldinov Z.E. Ahmet Baitürsynūly ğūmyrnamasyndağy Orynbor kezeñi: keibir beimälım mälımetter men derekter (ğylymi-tanyndyq ekspedisia materialdary boiynşa) // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. №3 (132) / 2020 <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-18-27>
10. RMTA – Resei memlekettik tarihi arhivi (Sankt-Peterburg q.)
11. Absadyk et al., 2022 – Absadyk A.A., Issenov O.I., Mukhitov K., Boranbaeva B.S. The Path of the Teacher A. Baitursynov: from Bestamak to Karkaralinsk (1895–1910). Bylye Gody. 2022. 17(2): 890-901. DOI: 10.13187/bg.2022.2.890
12. Qazaq gazetı, 1913 - «QAZAQ» GAZETI. 1913 jyl. 2-şı basylım / Qūrast.S.Smağūlova, Ğ.Änes, T. Zamzaeva. – Almaty: Arys baspasy, 2018 j. –480 b.
13. Kozodoi, 2021 – Kozodoi V.İ. Alihan Bukeihanov: chelovek-epoha. Almaty, 2021. 312 s.
14. RFMA –Resei Federasiasynyñ memlekettik arhivi (Mäskeu q.)

15. Abai (İbrahim) Qūnanbaev, Şyğarmalar jınaғы. Almaty, Qazaqtyñ b.bırıkken memlekettik baspasy, 1948. – 503 b.

16. Baitürsynov, 1991 - Baitürsynov A. Aq jol: Öleñder men täřjimeler, publ. Maqalalar jäne ädebi zertteu / Qūrast. R.Nürğaliev.-Almaty: Jalyn, 1991.-464 b.

17. Qazaq gazeti, 1998 – «Qazaq» gazeti / Bas redaktor Ä.Nysanbaev- Almaty: «Qazaq ensiklopediasy» Bas redaksiasy, 1998.-560 b.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Әбсадық Алмасбек Ахметұлы** – филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, Қостанай, Қазақстан.

**Әбсадық Алмасбек Ахметұлы** – доктор филологических наук, профессор Костанайского регионального университета имени А. Байтұрсынова, Костанай, Казахстан.

**Absadyk Almasbek Akhmetuly** – Doctor of Philology, Professor of the Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan.

**Досова Алма Тюлюгеновна** – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, Қостанай, Қазақстан.

**Досова Алма Тюлюгеновна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Костанайского регионального университета имени А. Байтұрсынова, Костанай, Казахстан.

**Dosova Alma Tyulyugenovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Kostanay Regional University named after A. Baytursynov, Kostanay, Kazakhstan.